

"Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 24 наурыздағы № 49 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 29 наурыздағы № 78 бүйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 3 сәуірде № 32224 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 24 наурыздағы № 49 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13613 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

такырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды , сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды арнайы есепке алууды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 4-тармағын, 3-тармағының 10-1), 11) тармақшаларын іске асыру мақсатында және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының, "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының талаптарын орындау үшін, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабының 22) тармақшасын басшылыққа алып, **БҮЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды арнайы есепке алууды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары бекітілсін.";

Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған көрсетілген бұйрықпен бекітілген ұйымдарды және ақпараттық материалдарды есебін жүргізу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін құқықтық статистика және арнайы есепке алуудың мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры

Б. Асылов

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2023 жылғы 29 наурыздағы
№ 78 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 24 наурыздағы
№ 49 бұйрығымен
бекітілген

Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған ұйымдарды және ақпараттық материалдарды арнайы есепке алууды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот террористік деп таныған үйымдарды және ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды, сондай-ақ сот экстремистік деп таныған үйымдарды және ақпараттық материалдарды арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағының 10-1) және 11) тармақшаларында (бұдан әрі – арнайы есепке алу) көзделген арнайы есепке алу мәліметтерін жүргізу, пайдалану және сақтау тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық және оларға теңестірілген органдарының (бұдан әрі – аумақтық органдар) бастықтары арнайы есепке алу мәліметтерінің уақтылы енгізілуін, толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз етеді.

2-тaraу. Арнайы есепке алуды жүргізу тәртібі

3. Террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны және экстремизм жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды арнайы есепке алу үшін сottың заңды күшіне енген үкімдері (бұдан әрі – адамдарды арнайы есепке алу) негізінде жүзеге асырылады.

4. Адамдарды арнайы есепке алу осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны және экстремизм жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдардың (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 30) және 39) тармақтары) Комитеттің ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – электрондық журнал) жүргізеді.

5. Электрондық журнал Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандығы № 29 бүйріғымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдардың, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сottалған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық алфавиттік есепке алу карточкалары негізінде қалыптастырылады.

6. "Экстремизмге және терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалаудың жай-күйі туралы" № 1-ӘТ есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" (бұдан әрі – 1-ӘТ есебі) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 9 қантардағы № 12 бүйріғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31687 болып тіркелген) бекітілген, адамдарды арнайы есепке алудың толықтығын және олардың мәліметтерін уақтылы енгізуі қамтамасыз ету мақсатында Комитеттің

аумақтық органдары тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін электрондық журналдың мәліметтерін "Экстремизмге және терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалаудың жай-күйі туралы" № 1-ЭТ нысанды есептің көрсеткіштерімен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Салыстыру нәтижелері адамдардың арнайы есебін жүргізуге және № 1-ЭТ есебін қалыптастыруға жауапты бөлімшелерінің бастықтары бекітетін актімен рәсімделеді.

Қылмыстық қудалау органдарының орталық аппараттың іс жүргізуіндегі қылмыстық істері бар адамдарды арнайы есепке алу мәліметтерін салыстырып тексеруді Комитеттің қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жердегі аумақтық органы жүргізеді.

7. Сот экстремистік және террористік деп таныған ұйымдар мен ақпараттық материалдарды арнайы есепке алу үшін (бұдан әрі – ұйымдар мен материалдарды арнайы есепке алу) соттың заңды күшіне енген шешімі негіз болып табылады.

8. Арнайы есепке алуды Комитет сот террористік және экстремистік деп таныған ұйымдар мен ақпараттық материалдарды электрондық тізімдері (бұдан әрі – электрондық тізім) жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

9. Электрондық тізімді Комитет соттардың заңды күшіне енген шешімдері мен осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген құжаттар негізінде қалыптастырады.

10. Комитеттің аумақтық органдары сот шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комитетке PDF форматында мынадай материалдарды жібереді:

1) ақпараттық материалдарды экстремистік және террористік деп тану, оларды Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, онда басып шығаруға және таратуға тыйым салу туралы арыз;

- 2) осы ақпараттық материалдар бойынша сараптамалық қорытынды;
- 3) сот шешімі.

11. Комитет сот шешімі мен осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген материалдар келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде олардың кескінінің анықтығы мен оқылуының жеңілдігіне тексеру жүргізеді.

Осы тармақтың талаптары бұзылған жағдайда Комитет бұзушылықтарды жою үшін оларды 5 (бес) жұмыс күні ішінде аумақтық органдарына қайтарылады.

12. Комитет тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін электрондық тізімнің мәліметтерін № 1-ЭТ есептің көрсеткіштерімен салыстырып тексереді.

Салыстыру нәтижелері ұйымдардың арнайы есебін жүргізуге және 1-ЭТ есебін қалыптастыруға жауапты бөлімшелердің бастықтары бекітетін актімен рәсімделеді.

3-тарау. Арнайы есепке алу мәліметтерін пайдалану және сақтау

13. Электрондық тізімдер Комитеттің ресми сайтында орналастырылады және Комитет осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген тексеру аяқталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде толықтырылады.

14. Арнайы есепке алу мәліметтері сұрау салынатын адамдарға (бұдан әрі – сұрау салудың бастамашысы) қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдарға, мекемелерге және өзге де үйымдарға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылады.

15. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алууды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алууды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларының (бұдан әрі – № 29 Қафіда) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандығы № 29 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) бекітілген, сұрау салудың бастамашысы өтеусіз негізде жүргізу Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес "Жеке тұлғага электрондық нысанда мәлімет алу үшін пайдалануышының нұсқаулығын" пайдалана отырып, Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен және (немесе) Комитеттің ақпараттық сервисі арқылы электрондық форматтағы арнайы есепке алу мәліметтерін талап етеді.

16. Талапты сұрау салудың бастамашысы тексерілетін адамдардың тізімі қоса беріле отырып, электрондық құжат нысанында болмаса бірыңғай транспорттық орта болмаған жағдайда қағаз тасымалдағышта басшысының немесе оның орнын алмастырушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен жіберіледі.

Ілеспе хатта оларға тексеру құқығын беретін нормативтік құқықтық актіге сілтеме көрсетіледі.

Осы ереже жедел-іздестіру қызметін, тергеуді (анықтауды), жазаның орындалуын, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының соттарына, көші-қон полициясының бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының рұқсатнама жүйесіне және қорғаныс істері органдарына қолданылмайды.

17. Талап әрбір тексерілетін адамға бөлек құрастырылады. Тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), туған күнін өзгерткен адамға талапты толтырған кезде бұрынғы және өзгерілген сауалнамалық деректері көрсетіледі.

18. Электрондық құжат нысанындағы талаптар (бұдан әрі – электрондық талаптар) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімделеді.

Талапта барлық деректемелер толтырылуға жатады, тексерілетін адамның сауалнамалық деректерінің біреуі болмаған жағдайда тиісті деректеме толтырылмайды.

Туған жылы, күні, айы және туылған жері толық көрсетілуге жатады. Егер туған күні, айы белгісіз болса, онда тиісті бағанға "00" жазбасы жазылады.

Тексерілетін адамның жеке сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда мәліметтер "Жеке тұлға" Мемлекеттік деректер банкі арқылы толтырылады.

19. № 29 Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағыштағы талапта барлық деректемелер толтырылуға жатады. Тексеруші адамға қатысты сауалнамалық деректемелердің бірі болмаған жағдайда, тиісті деректемеде "жоқ" жазбасы жазылады.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) анық, баспа, біріншісі бас әріппен жазылады. Туған күні мен туған жері толық көрсетілеуі тиіс. Егер туған күні немесе айы белгісіз болса, тиісті бағанға "00" жазбасы жазылады.

20. Комитетке және оның аумақтық органдарына осы Қағидалардың 16, 17, 19-тармақтары бұзылып рәсімделген талаптарды ұсыну, одан бас тартуға және сұрау салған бастамашыға орындаусыз қайтаруға негіз болып табылады.

Факс байланысы арналары арқылы келіп түскен сұрау салулар, сондай-ақ халықаралық келісім шарттармен белгіленген тәртіпті бұзған шетел мемлекеттерінің сұрау салулары орындалмайды.

Азаматтардың, сондай-ақ тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті емес мекемелер мен ұйымдардың талаптар бланкілерінде рәсімделген сұрау салулары тексерілмейді және орындаудан бас тарту себептері мен есепке алуға жүргіну тәртібі түсіндіріле отырып, бастамашыға орындаусыз кері қайтарылады.

21. Сұрау салудың бастамашысына тексеру күніне Комитетте және оның аумақтық органдарында бар тексерілетін тұлғаға қатысты арнайы есепке алу мәліметтері беріледі

22. Қағаз тасымалдағыштағы талаптар 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындалады. Электрондық талаптар 3 (үш) жұмыс күні ішінде, ал қосымша тексеру жүргізу қажет еткен жағдайда, 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындалады.

Жергілікті әскери басқару органдарының Қағаз тасымалдағыштағы талаптар мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындалады.

Талаптардың Комитетке және оның аумақтық органдарына келіп түскен күні оны орындаудың мерзіміне кірмейді.

Егер электрондық талаптарды өңдеу барысында тиісті мемлекеттік органдарға немесе мекемелерге қосымша сұрау салулар жібере отырып, қабылданған процестік шешім туралы мәліметтерді нақтылау қажет болған жағдайда, сұрау салудың бастамашысына аралық жауап жіберіледі, онда 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін электрондық талапты қайта рәсімдеу қажеттігі туралы хабарланады.

23. Тексеру нәтижелері № 29 Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мөр қоя отырып талаптарда көрсетіледі. Электрондық цифрлық қолтаңба

қойылған, ақпараттық жүйелер арқылы жіберілген электрондық талаптар бұларға қосылмайды.

24. Тексерілетін адам арнайы есепке алуда тұрған адам болып табылатынына және сауалнамалық деректердің бүрмалануы қатенің немесе терудің салдарынан орын алды деп пайымдауға негіз беретін арнайы есепке алуда тексерілетін адаммен ұқсас сауалнамалық деректері бар адам анықталған кезде (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күнінде сәйкесіздіктер болған кезде) мәліметтер "... мәліметтер бар" белгімен беріледі.

Тексерілушінің арнайы есепке алуда тұрған адамның іс-әрекетіне қатыстылығын сұрау салған бастамашысы анықтайды.

25. Комитет және оның аумақтық органдары ұсынған мәліметтерді сұрау салулардың бастамашылары қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолдануы тиіс.

26. Комитет мәліметтерді тұлғалардың арнайы есебіне қойған сэттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

27. Раdstайтын құжаттары бар ақпараттық оқу құжаттарын, журналды сақтау мерзімдері № 29 Қағидалардың 11-қосымшасында көзделген.

Раdstайтын құжаттары бар электрондық тізімдер тұрақты сақтау мерзіміне жатады.

Террористік іс-әрекетті жүзеге
асырғаны үшін жауаптылыққа
тартылған адамдарды, сондай-ақ
сот террористік деп таныған
ұйымдарды және ақпараттық
материалдарды және
экстремизмді жасағаны үшін
жауаптылыққа тартылған
адамдарды, сондай-ақ сот
экстремистік деп таныған
ұйымдарды және ақпараттық
материалдарды арнайы есепке
алуды жүргізу, пайдалану және
сақтау қағидаларына
қосымша

нысан

Террористік іс-әрекетті және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдардың электрондық журналы

Tегі	Аты	Әкесі нің аты (о л	Туған күні	Жеке басын күэла ндыра -тын құжат тың	Жеке сәйкес құжаттың	Қыл-м ыс-ты	Сот қ істің нөмірі	Үкім (қау-лы) шығарылған күн	Сотта у бабы	Жазан ың негіз-гі шара-сы	Үкімн ің (қау-лы-ның) зан-ды күші-	Облыс коды
------	-----	---------------------	------------	---------------------------------------	----------------------	-------------	--------------------	--------------------------------	--------------	---------------------------	--------------------------------------	------------

		болжа н кезде)			серия- сы, нөмірі							не ену күні		Облыс атауы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК